

**Н.Ж. Жексенбиева, Г.Қ. Шырынбаева**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

## ПЕДАГОГ ИМИДЖІНІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

**Андатпа.** Мақалада «имидж», «педагог имиджі» ұғымдарының анықтамаларына талдау жасалған. Педагог имиджінің құрылымы және оны қалыптастыру принциптері қарастырылған. Педагог имиджінің мазмұнын анықтау бойынша студенттерге сауалнама жүргізу нәтижелері келтірілген.

*Кілт сөздер:* имидж, педагог имиджі, кәсіптік оқыту педагогының кәсіби біліктілігі, кәсіптік оқыту педагогының имиджі.

**Кіріспе.** Жалпы кәсіби біліктілігі жоғары деңгейдегі, әдіснама және педагогика саласы бойынша іргелі білімі бар, білім берудегі педагогикалық проблемаларды жүйелі көре алатын құзыретті педагогты дайындау болашақ мұғалімнің педагогикалық әрекетте өзіндік шығармашылық стиліне негізделген имиджін қалыптастыру мен жетілдіруге бағытталады. Педагогикалық имидж, біріншіден, тұлғаның дербес ерекшеліктерін өздігінен жүзеге асыруының жоғары деңгейімен және өзіндік стильде іс-әрекет етуге қабілеттілікке байланысты.

«Имидж» түсінігі ХХ ғасырдың соңында қоғам назарының және ғылыми талдаудың пәні болды. 90 жылдардың ортасында имиджді қалыптастырудың психологиялық аспектілеріне арналған, имидж жайында алғашқы өңдеулер Р.Ф.Ромашкина, Е.И.Манякина, Е.В.Гришунина, П.С.Гуревич, Ф.А.Кузин және т.б. еңбектерінде жарық көрді.

Имидж ағылшынның «image» сөзінен алынған, «образ», «түр», «келбет» сөздерінен шыққан. Бұл кез келген нәрсенің, адамның эмоционалдық образын, мінез-құлқын көрсетеді. Өз имиджін қадағалау бұл адамды өзіне қарату. Бірнеше мағынасы бар «имидж» ұғымының өзіне қарағанда «педагог имиджі» бір мағынада анықталатын өзекті тақырып болып саналады [1].

Ойшыл Абай: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегін кетпес далаға, ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп айтқандай, мұғалім үшін өз имиджін кәсіби деңгейге көтеру, өз мамандығының данышпаны болу, әрине, өмір бойы ізденушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін айқындайды. Мұғалімнің әрбір сөзі, ісі, қимылы, киіну мәнері, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Ә.Сәтбаевтың ойынша, «Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді...».

А.Ю. Панасюк «қазіргі таңдағы педагог имиджінің» моделінде ақпараттың мынадай блоктарын бөліп көрсетеді: габитарлы (латынның «габитус» сөзінен – «сыртқы түрі») – киімі, шаш үлгісі, макияж, аяқ киім, парфюм; кинетикалық – мүсіні, жүрісі, дене қимылы, мимикасы (бет әлпетінің көрінісі, жымию, көзқарасының бағыты және ұзақтығы); сөйлеуі – жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениеті, сауаттылығы, стилі, жазуы; орта – адамның өзі қалыптастырған өмір сүру ортасы (интерьер, кабинетін безендіруі, жұмыс орнындағы тәртіп); затқа айналдыру – адам еңбегінің өнімдері. Алғашқы үшеуі жеке қарым-қатынаста байқалады, соңғы екеуі – адам туралы сырттай ақпарат береді. Олар біріге отырып, адам туралы тұлға ретінде және кәсіпқой ретінде [2].

А.Ю. Панасюк дәлелдеген педагог имиджін іскерліктер мен дағдыларды жинақтау арқылы оқытуды ұйымдастыруда қолданылатын технологияның құрамдас бөліктері

педагогтың балалармен өзара әрекет ету қызметімен анықталады. Себебі: педагогикалық технология кәсіби құбылыс ретінде баланың тұлға субъектісі қалпын мәдениет жетістіктеріне үздіксіз, денелік және рухани жаттығулар арқылы жетелейді. Мұның бәрін педагог психологиялық және физиологиялық құралдар арқылы: дауысы, қозғалысы, кейпі, бейнесі, көйлегі және т.б. әрбір қызметтік элементі педагог имиджін көрсететін кәсіптік дағдылар жүйесі көмегімен жүзеге асады [3].

**Зерттеу мақсаты.** Жоғары оқу орындарында педагогикалық пәндерді оқытуда педагог имиджін қалыптастыру мәселесін теориялық негіздеу және практикалық жүзеге асыру.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу проблемасы бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми әдебиеттерге талдау жасау; бақылау, әңгімелесу, сауалнамалар жүргізу; алынған нәтижелерді өңдеу.

Педагог имиджінің мәні, оның рөлі, қалыптасу шарттары педагогикалық үрдісті ерекше қарастыру мен оны толыққанды факторға айналдыруды талап етеді. Педагог имиджі «бейне – педагогтың ішкі, сыртқы және процессуалды компоненттерінің көрінісі» көзқарас қалыптастырады. Ең дұрысы – екі пікір де жағымды болғаны.

А. А. Калюжный қазіргі таңдағы педагогтың имиджін қалыптастырудың бірнеше қағидаларын бөліп көрсетеді:

1. Коммуникативтілік қағидасы.
2. Сөзбен ықпал ету қағидасы.
3. Сыртқы бейнені үндестіру қағидасы.
4. Өзін-өзі реттеу қағидасы.

Коммуникативтілік және сөзбен ықпал ету қағидаларын қазіргі таңдағы педагог имиджін қалыптастыру үрдісіндегі негіз құраушы ретінде толығырақ қарастырайық. Бірінші қағидаға сәйкес, қандай да бір адамның педагог туралы пікірі имиджді қалыптастырушы тікелей ақпарат негізінде қалыптасуы мүмкін, оны ол адам саналы түрде түсінуі немесе түсінбеуі де мүмкін, өйткені ол оның бейсанасында болады және тек сезімдерден ғана көрінеді. Қорыта отырып қағиданы былайша тұжырымдауға болады: адамдарда қандай да пікірді қалыптастыру мақсатында ықпал ете отырып, сіздің атыңызды естіген кезде сіз туралы жағымды сезімдер пайда болуы үшін оның санасына ғана емес, бейсанасына да ықпал ету керек. Екінші қағиданы былайша сипаттауға болады: педагогтың жеке имиджінің моделін қалыптастыра отырып, ақпаратпен адамдардың санасына қарағанда бейсанасына ықпал ету керек. Бейсанадағы ақпарат арқылы қалыптасқан пікір өзінің пікірі ретінде бағаланады, себебі оның пайда болу көзі анық емес.

В.М Шепель «Имиджеология: жеке тартымдылық құпиясы» атты еңбегінде имидж ұғымына төмендегідей анықтамалар берген: «имидж – адам туралы ұғым, мекеме туралы пікір, белгілі адамдармен, жасалатын заттар, индивидуалдық стиль адамды, адамдар тобын, мекемені сипаттайтын келбет».

С.И.Ожеговтың түсіндірмелі сөздігінде: «Имидж дегеніміз - ой-пікір, тұжырым, бір нәрсе туралы берілген көзқарас, қатынас» делінген [4].

«Имидж» мағынасын түсіну әртүрлі құрамды бөліктерден құралады. Бұл бөліктерінің ең маңызды төртеуін қарастырайық:

1. Кәсібилік және әділдік. Педагог талантты тұлға болуы қажет. Бірақ тәжірибе көрсеткендей 100 адамның 99-ы өз талантын көрсетуге мүмкіндігі жоқ және өмір бойы басқа іспен айналысады.

2. Педагогтың адалдығы. Адамзат тәжірибесінен шыққан моральді ережелер бойынша өмір сүру керектігін ұғынады, ал әдепсіз болса өз нәтижесінің тұтқынында болады және оның идеалы – барлығы рұқсат етілгендік. Біздің қоғамға өзін-өзі жетілдіре алатын, ең алдымен рухани тұрғыдан жетілдіре алатын әдепті, тәрбиелі, адал педагог өте қажет. Ол назарына барлық адамзат мәдениетінің байлығын алу керек, яғни оның кең гуманитарлық білім алуы міндетті.

3. Педагогтың гуманитарлық білімі. Ф.Достоевскийдің ойынша, гуманитарлық дамығандық адамның кез келген мамандықты игеруін жеңілдетеді. Осы атақты жазушының

адалдығынан атақты адамдардың өмірінен көптеген мысалдар дәлел болады. Гуманитарлық мәдениет арқасында адам сезімдік немесе рационалдық өңдей отырып, өзіне әртүрлі мәлімет таңдау мүмкіндігіне ие болады.

4. Педагог психотехнолог болуға міндетті. Психотехнология – бұл адамдарды басқаруда психологияның техниканы практикада қолдану жөніндегі ғылым. «Психотехнология» терминін өз құрамында 3 құрамдас бөлігі бар: «психо», «техно», «логия» оны талдағанда «психотехнологияның» мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Грек тілінен аударғанда «психе»- жанды, «техно» - өнер, шеберлік дегенді тура білдіреді, ал «логос» - сөз, оқуды білдіреді.

Бүкіл әлемге ерекше танымал болған В.А.Сухомлинскийдің «Балаға жүрек жылуы» еңбегінде: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шымшытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық имидж бен шеберлік – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады» деп, ол балаларды үйлесімді дамытуға бағытталған тәрбиешінің жұмысының жемісті болуы әрбір баланың рухани өмірі мен даму ерекшеліктерін терең білгенде ғана мүмкін екендігін айқындайды. Қазіргі заман ғалымдары дәл осы пікірді ұстанады. Мысалы, С.Соловейчик (1930 ж.) «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенімен, педагогикалық әдептің қыр-сырын меңгермейінше, бұған оның қолы жетпейтіндігін» айтады. Оның ойынша, «педагогикалық имидж – тек қана мұғалімнің жалпы, жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы. Мұғалім әр сөзін дұрыс сөйлеп, нық айтуы тиіс, оның жүріс-тұрысы, қозғалысы, отырып-тұруы оқушыларға ерсі болмайтындай дәрежеде болуы керек».

Қоғам өмірінің демократиялық, гуманистік бағытқа бет бұруына жаңарып-жаңғыруына, мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтуға экономикалық, әлеуметтік дамуына, білім беру мен мәдениет парадигмасының өзгеруіне байланысты өмірге жаңа ғылым салалары келді. Сондай ғылымдардың бірі – имиджеология. Бұл ғылым саласына назар аударудың кім-кімге болса да тигізер пайдасы зор. Өйткені, ол адамдардың бір-біріне сыртқы кескінімен, адамдық болмыс бейнесімен, адами қадір қасиеттерімен әсер ету механизміне ие болуға көмектеседі. Жоғарғы мектепте біртұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру негізінде педагог, оқытушы беделі мен имиджін қалыптастырудың орны бөлек. Педагогикалық кәсіп имиджі мәселесінің өзекті болуына қазіргі таңдағы білім беру жүйесі мен мектептің жаңа типтегі педагогқа қойып отырған объективті талаптары – инициативті, интеллектуалды және адамгершілігі жоғары дамыған педагог пен болашақ педагогтардың – педагогикалық мамандықтағы қазіргі студенттердің өздеріне мұндай жауапкершілікті алуға, алған мамандық бойынша жұмыс істеуге дайын болмауы арасындағы қарама-қайшылық себепкер болып отыр. Бұл қарама-қайшылықты шешуде болашақ мамандардың көз алдында педагогтың жағымды имиджін қалыптастыру оң ықпалын тигізеді. Педагогикалық кәсіп имиджін қалыптастыруға педагогтарды кәсіби дайындау үрдісінде ескерілуі тиіс объективті және субъективті факторлар әсер етеді. Болашақ мамандарда білім беру саласында жұмыс істеуге деген ниетінің пайда болуына әсер ететін факторлардың біреуі студенттердің педагог кәсібі туралы жағымды пікірлері болып табылады.

Мұндай түсінік ЖОО-да оқып жүргенде қалыптаса бастайды және болашақта жетістіктерді қамтамасыз ететін өзіндік ерекшелігі бар тәсілдер жүйесін көрсетеді. Маманды ЖОО-да дайындағанда оның имидж туралы түсінігін қалыптастыру негізгі идея болуы керек. Кәсібилікті және имиджді қалыптастыру жолдары әр қилы болуы мүмкін. Мұғалімнің педагогикалық әрекетінің, педагогикалық қарым-қатынасы мен тұлғалық құндылықтарының қалыптасқандығын айқындайтын кәсіби білім, білік, дағдының қажетті мөлшерін меңгеру кәсіби-педагогикалық құзыреттілік – педагогтың кіріктірілген кәсіби-тұлғалық сипаттамасы ретінде анықталады. Тұлғаның педагогикалық имиджін қалыптастыру ЖОО-да үш бағыт бойынша жүргізіледі:

- Базалық дайындық (кәсіби және психологиялық-педагогикалық білімдер);
- Әдіснамалық мәдениет;

- Педагогикалық шығармашылық пен креативтілік.

Жоғарыда келтірілген дайындықтың үш блогының (базалық, әдіснамалық, шығармашылық) әрқайсысының компоненттері көрсетілген.

Студенттердің кәсіби бағыттылығының маңызды компоненттерінің бірі оның психология-педагогика ғылымдары жүйесінде жан-жағынан қарастырылып, зерттелетін педагогикалық имиджі болып табылады:

- әдіснамалық (В.А.Сластенин, В.В.Краевский, т.б.);
- адамгершілік-эстетикалық (Э.А.Гришин, Д.С.Яковлева);
- коммуникативтік (А.В.Мудрик, О.О.Киселева, Т.Н.Левашова);
- технологиялық (М.М.Левина, Н.Е.Щуркова) және басқалар.

Мұғалімнің технологиялық мәдениеті педагогикалық әрекеттің дербес-шығармашылық имиджін танытады. Мұғалімнің технологиялық дайындығы педагогикалық шындықты жаңғырту мен сақтау функциясын орындайтын педагогикалық имиджді білдіретін «педагогикалық имидж» категориясын түсінудегі маңызды буын болып табылады. Мұғалімнің технологиялық мәдениеті кәсіби әрекеттегі нәтижеліліктің негізін құраушы буын ретінде оның ішкі әлеуетін өздігінен жүзеге асырудың шығармашылық үдерісін көрсетеді [5].

**Зерттеу нәтижелері.** Педагог кәсібінің имиджі білім беру мекемесінде жұмыс істейтін педагогтардың имиджімен де, қоғамның және мемлекеттің педагогқа деген қарым-қатынасымен де анықталады. Бұл мақалада студенттердің – болашақ педагогтардың арасында олардың педагогикалық мамандық туралы көзқарастарын білу мақсатында сауалнама жүргізу нәтижелері келтірілген.

Бұл мақалада Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Кәсіптік оқыту» мамандығының 4 курста оқитын студенттерінің – болашақ педагогтардың арасында олардың педагогикалық мамандық туралы көзқарастарын білу мақсатында сауалнама жүргізу нәтижелері келтірілген. Сауалнамаға барлығы 64 студент қатысты. 4 курс студенттерін алып отырған себебіміз, олар университетте төрт жыл оқу барысында педагогикалық мамандыққа деген көзқарастары өзгеріп, алдыларына белгілі бір мақсат қойып отырғандықтарын көруге болады.

Студенттердің бірінші сұраққа берген жауаптарын талдау нәтижесі көрсеткендей 36 студент (сұралғандардың 56 %) педагогикалық мамандыққа ол қоғамда сұранысқа ие болғандықтан оқуға келген. Ал 15 студент (23%) тұлға ретінде өсуге мүмкіндік береді, 7 студент (11%) қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуы үшін маңызды мағынаға ие деген жауаптарды белгілеген. Тек 2 студент қана (3%) педагогикалық мамандық жеңіл болғандықтан келгендерін көрсеткен. Білім беру саласында жұмыс істесеңіз өзіңіз үшін қандай плюстер көріп отырсыз деген сұраққа 35 студент (55%) үнемі жетіліп отыруға мүмкіндік және қажеттілік, үнемі өз-өзімен жұмыс істеу және 24 студент (38%) өз еліңнің болашақ буынын қалыптастыруға үлес қосу мүмкіндігі, 8 студент (13%) жастармен (балалармен) үнемі қарым-қатынаста болу деп жауап берген. Жаз уақытындағы ұзақ уақыт демалысты ешбір студент плюс ретінде көрмейді екен. 5 студент (8%) сүйікті ғылыммен (пәнмен) айналысу мүмкіндігі деген жауапты белгілеген. Білім беру саласында жұмыс істеу барысындағы минустар ретінде 27 студент (42%) сабақтан тыс уақытта да жұмыстар тым көп болатынын және 25 студент (39%) эмоционалды жүктемелер айтарлықтай көп болғандықтан денсаулыққа кері әсерін тигізетінін көрсеткен. Тек 8 студент (13%) әкімшілік пен оқушылардың ата-аналары тарапынан үнемі бақылауды сезінетінін және 5 студент (8%) жеке өмірге мүлде уақыт болмайтынын көрсеткен. Университетте оқып жүргенде педагогикалық мамандық туралы сіздің көзқарасыңыз қалайша өзгерді деген сұраққа 53 студент (83%) қоғамда лайықты орны бар, әлеуметтік маңызды, келешегі бар мамандық екенін түсініп, өз таңдауымының дұрыс екеніне көз жеткіздім деген жауапты белгілеген, яғни, университетте оқу барысында олардың көзқарасы жағымды жаққа қарай өзгергенін байқауға болады. Тек 8 студент (13%) білім беру саласында жұмыс істесем өмірде ешнәрсеге қол жеткізе алмайтынымды түсіндім деген жауапты таңдаған. Студенттердің «Педагогикалық кәсіп» сөз тіркесі қандай ассоциацияларды туындататыны туралы мәселеге келсек 22 студент (34%)

күрметті адам, 19 студент (30%) шығармашылықпен, 11 студент (17%) келешегі бар, 7 студент (11%) әлеуметтік маңыздылықпен байланыстырады екен. Тек 4 студент (6%) әлеуметтік қорғалмаған мамандық ретінде есептейді екен.

**Қорытынды.** Қорыта келе болашақ мамандар таңдап алған мамандықтарының әлеуметтік маңыздылығын түсінетінін байқауға болады. Дегенмен де оның престижін көтеру қажеттілігін де жоққа шығаруға болмайды. Жоғарыда көрсетілгендей педагогикалық болашақ мамандықтың тұтастығы объективті түрде ЖОО – да берілетін білім мазмұнының тұтастығында және педагогикалық әрекеттің тұтастығы мен білім алушының әрекетінде жатыр. Біздің жүргізген зерттеуімізде педагог кәсібінің имиджі қарастырылады, ол педагогтың жеке имиджімен байланысты болғанымен мәндік сипаттамасына және жоғары оқу орнында оқу барысында болашақ кәсіпқой-педагогты қалыптастыру процесіне ықпал етуге байланысты өзіндік ерекшелігі бар.

#### Әдебиеттер:

1. Педагогика: педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждер студенттеріне арналған оқу құралы / Редакциясын басқарған П.И.Пидкасистый. – М.: Ресей педагогикалық қоғамы, 2004.- 608 б.

2. Калюжный А. А. Формирование имиджа учителя. – М: Владос, 2005, 177 с

3. Калюжный А .А. Психология формирования имиджа учителя .- М: Владос, 2004, 222 с.

4. Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под ред. Н.Ю.Шведовой. Москва: Русс.яз. 1983. 816 с.

5. Калюжный А .А. Имидж учителя как социально-психологический феномен. // Вестник НАН РК. – 2006. - №2. – С. 79-84.

Н.Ж. Жексенбиева, Г.К. Ширинбаева

#### СТРУКТУРА И СОДЕРЖАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИМИДЖА

В статье проведен анализ определений «имидж», «имидж педагога». Рассмотрены структура имиджа педагога и принципы его построения. Представлены результаты анкетирования студентов по определению содержания имиджа педагога.

N.Zh. Zhexenbiyeva, G.K. Shirinbayeva

#### THE CONTENT AND STRUCTURE OF THE TEACHER IMAGE

The article shows the definitions of image and teacher's image, the structure and principles of teacher's image. Also the results of students' questionnaire are introduced.